

Еуразия
гуманитарлық
институтының

ХАБАРШЫСЫ

Тоқсандық журнал
2001 ж. шыға бастаған



2020
№ 2
НУР-СУЛТАН

ВЕСТНИК

Евразийского
гуманитарного
института

Ежеквартальный журнал
Основан в 2001 г.

Редколлегия төрағасы
А.Қ. Құсайынов, т.ғ.д., проф.

Бас редактор
А.Ж. Исмаилов, психол.ғ.к., проф.
Бас редактордың орынбасары
Қ.Ә. Ахметов, т.ғ.д., проф.
Жауапты хатшы
Т.В. Кривошапова, ф.ғ.д., проф.

Редколлегия
Т.Қ. Айтқазин, филос.ғ.д., проф.
А.Ж. Аманбаев, т.ғ.к., доц.
В.В. Алексеев, т.ғ.к., доц.
(Ресей Федерациясы)
А.А. Арабаев, з.ғ.д., проф.
(Қырғыз Республикасы)
Қ.Ә. Әбішев, з.ғ.к., проф.
С.Б. Байзақов, э.ғ.д., проф.
Қ.Ж. Балтабаев, з.ғ.д., проф.
Х.Э. Боланьос, PhD, профессор (Испания)
Л.В. Волкова, п.ғ.к., доц.
Т.А. Дронзина, с.ғ.д., проф.
(Болгария Республикасы)
М.М. Жанпейісова, т.ғ.к., доц.
В.А. Жексембекова, с.ғ.д., проф.
М.Ы. Жүкібай, э.ғ.к., проф.
С.Б. Загатова, ф.ғ.к., проф.
О.В. Иншаков, э.ғ.д., профессор
(Ресей Федерациясы)
А.Ш. Қадырбаев, т.ғ.д., проф.
(Ресей Федерациясы)
Б.Р. Кадыров, психол.ғ.д., профессор
(Өзбекстан Республикасы)
Ш.М. Қаланова, п.ғ.д., проф.
Д. Қамзабекұлы, ф.ғ.д., проф.
Е.В. Козин, т.ғ.д., проф.
(Ресей Федерациясы)
Қ.А. Мамаділ, ф.ғ.к., доц.
Л.В. Пакуш, э.ғ.д., проф.
(Беларусь Республикасы)
В.Г. Рындак, п.ғ.д., проф.
(Ресей Федерациясы)
М.Н. Сарыбеков, п.ғ.д., проф.
Б.С. Сарсекеев, п.ғ.д., проф.
Л.Ч. Сыдыкова, з.ғ.д., проф.
(Қырғыз Республикасы)
Р.Н. Юрченко, з.ғ.д., проф.



МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ТАРИХ

Аманбаев А.Ж., Мажиденова Д.М. К истории обучения казахских юношей в кадетских корпусах России.....	5
Еслямова А.З., Аубакирова Қ.Ш. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ өлкесіндегі діни өзгерістер және отарлық саясат.....	10
Есетов Н.Е. Историография вопроса земельных отношений в Казахстане начала XX века.....	16
Мүтәлі Ә.Қ., Бейсембаева С.Т., Байдалинова А.С. История формирования казахской диаспоры в Турции.....	22

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

Сейітқазы П.Б., Рахимғалиева П.С. Кәсіпке бейімделу үдерісінде студенттердің құндылық бағдарының өзгеру ерекшеліктері.....	28
Исмаилова А.С., Байдақов А.К. Особенности разработки образовательных программ в области бухгалтерского учета и аудита.....	34
Иманова А.Н., Стукаленко Н.М. Смешанное обучение в системе повышения квалификации педагогов.....	39
Исмаилова А.С., Мелешенко Н.Н. Роль международного сотрудничества в повышении качества образования в сфере устойчивого сельского хозяйства и развития сельских территорий.....	44
Изакова А.Т., Алимбаева Р.Т., Капбасова Г.Б., Жансерикова Д.А. Ипохондрияға ұшыраған адамдардың ауруына қатынасы.....	49
Оңғарбаева М.Б., Шаушенова А.Г., Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілік деңгейлерін Ахметжанова Ш.Е., Аязбаев Т.Л. Блум таксондары негізінде қалыптастыру.....	56
Василишина Е.Н. Тренд цифровизации образования: тенденции и перспективы	60
Шахметова Д.С., Нұрғалиева А.Қ., Нұрғалиева А.Қ. Тұлғаның өзін-өзі тануында рухани-адамгершілік құндылықтардың алатын орны.....	66
Завалко Н.А., Сахариева С.Г., Изделеуова А.Б. Реализация субъект-субъектной парадигмы в системе высшего образования.....	72
Кусайнова М.А., Сәрсенбеков Н.Ж., Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде қазақ халқының Қайырбек М.С., Әбілқасов Ғ.М. салт-дәстүрлері және халық педагогикасының элементтерін қолдану жолдары.....	78
Линник М.А., Зернов Д.Ю., Шлак И.Б., Студенттердің оқу процесі кезіндегі жүрек-қан тамыр Сотниченко Е.В. жүйесінің көрсеткіштер анализі.....	82
Naviy L., Nurmukhanbetova N.N., Mukasheva A.I. Inclusive education – rights to full life.....	87
Ақымбек Ғ.Ш., Муликова А.С., Тұлғаның даралық ерекшеліктеріне қарай музыкалық жанрларды Баймолдина Л.О. қабылдаудың психологиялық аспектілері.....	91
Туякова У.Ж. Формирование эмоционального интеллекта социального педагога в процессе волонтерской деятельности.....	96
Хамитова Д.С. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін отандық жоғары оқу орындарының қолайлылығы.....	102
Адилжанова К.С. Болашақ педагог-психологтердің кәсіби дамуындағы эмоционалды интеллектінің маңыздылығы.....	107
Орынғалиева Ш.О. Болашақ педагогтердің психологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	112
Джамбаева Ж.А., Жырымбаева К.К. Статус педагога: гендерный аспект.....	117
Боброва В.В., Капаят А.Ж. Коррекция проблемного поведения как одно из основных условий дифференцированного подхода к обучению детей с ООП.....	123

Бейсенбекова Г.Б., Мусаева Н.Н. Аутистік спектр ауытқулары бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.....	129
Бегманова Г.Т., Муслимова А.З., Бабулова Г.А. Методика преподавания информатики.....	138
Шалабаева Ж.С., Мейрбекова Г.П., Сапарқызы Ж. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқу іс-әрекетін жаңартылған білім мазмұны негізінде ұйымдастыру.....	144
Альбекова А.Ш., Омарова Г.Т. Роль преданий как одного из средств народной педагогики в современном поликультурном пространстве.....	149

ФИЛОЛОГИЯ

Иманбердиева С.Қ., Шормақова А.Б. Қазақстандағы онимдердің түркілік қабатының зерттелуі.....	154
Абылова Г.Е. Алтай тілдерінің синтаксистік жүйесі: қабыса байланысқан сөз тіркестері.....	163
Шоқабаева С.С. Атаулардың қалыптасуындағы уәждеменің қызметі.....	169
Муратбаева И.С. Халықаралық терминдер жүйесіндегі метафоралану үдерісінің өтуі жайында.....	174
Әбішева Ш.С., Жеткізгенова Ә.Т., Көшімова Б.Ә. Көркем шығарма және суреткерлік шеберлік.....	181
Тоқсамбаева А.О., Ахметжанова А.К. Ұлттық модернизмнің әдебиетте көрініс табуы.....	186
Алиясова А.В., Хамитова Г.А. Методика разработки уровневого онлайн курса «Easy English» для студентов неязыковых специальностей вуза.....	191
Жуанышпаева С.Ж., Ахметова Т.А., Кабденова А.К. Көркем туындыдағы поэтонимдердің номинациялық принциптері.....	197
Алпысбаева С.Т. Лингвистический аспект толерантности в политике Казахстана.....	202
Dyachenko O.V., Zhussupova R.F. To the problem of the development of multilingualism.....	208
Жумаханова А.Ж. Семантикалық қайта мән беру үдерістерінің топтастырылуы.....	214
Отарбекова Ж.К., Нуржанова Б.Н. Абай қарасөздеріндегі концептілер жүйесі арқылы ақынның тілдік тұлғасын тану (лингвостатистикалық талдау негізінде).....	221
Мәмбетов Ж. Жұбан Молдағалиевтың «Мен-Қазақпын» поэмасындағы тәуелсіздік мұраты.....	228
Танырбергенова Г.М., Ерғалиев Қ.С., Ерғалиева С.Ж. Кино тіліндегі мақал-мәтелдердің аударылым мәселесі.....	235

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың Редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Публикуемые материалы отражают точку зрения авторов, которая может не совпадать с мнением Редакционной коллегии журнала. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи не рецензируются и не возвращаются.

Г.М. Танырбергенава

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, магистрант

Қ.С. Ерғалиев

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, филол. ғыл. канд., профессор

С.Ж. Ерғалиева

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, аға оқытушы

Кино тіліндегі мақал-мәтелдердің аударылым мәселесі

Аннотация

Мақалада тәуелсіздіктен кейінгі жылдардағы кино тіліндегі мақал-мәтелдердің аударылым мәселесі қарастырылды. Дж. Драйденнің классификациясы бойынша мақал-мәтелдердің аударылу жолдары көрсетілді. Ол тілдік деректермен дәйектелді. Мақал-мәтел кино тілінің прагматикалық қызметін арттыратын бірден-бір құрал екені анықталды.

Түйін сөздер: кино тілі, мақал-мәтел, аударма, метафраза, парафраза, имитация, прагматика.

Кино – әдебиет пен театрдың, бейнелеу өнерімен музыканың көркемдік қасиеттерін өзінің ерекшелігіне орай пайдаланатын синтезді сала.

Франция кинокритигі Жан-Люк Годар киноның әлеуеті: «Кино – лишь средство коммуникации», – деп [1, 18], кино тілінің түсірілген уақыты мен қазіргі уақыттың тілдесім құралы деп көрсеткен. Кинотуындыларды көру арқылы сол уақыттағы болған оқиғаны түсініп, көре аламыз. Бұл да бір тілдесім болып есептеледі. Одан басқа кино көрермендерінің санасына тілдік, психолінгвистикалық, когнитивті прагматика тұрғысында әсер ету қауқары бар. Кино «тілінің» мұндай қыры ғылымда әлі дұрыс қарастырылмай келеді. Әдетте, біз фильмдердің актерлік құрамына, безендірілуіне (декорация), арнайы эффектілеріне назар аударатын болсақ, оның тілдік әлеуеті көп жағдайда назардан тыс қалады, бірақ, шын мәнінде, кино тілінің көрермен санасына әсер ететін прагматикалық қызметі жоғары. Кино тілінің прагматикалық қызметін арттыратын тілдік бірліктердің бірі – мақал-мәтелдер.

Мақал – өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, ықшамдап, бір немесе екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтылатын халықтық бейнелі поэтикалық жанр түрі. Мәтел – қорытындысы тұспалды, қысқа нақыл сөз. Мақал-мәтелдердің пайда болуының уақыты белгісіз, бірақ дұрыс: мақалдар да, мәтелдер де көне заманда пайда болған, содан бері тарихының бүкіл бойында халыққа ілеседі



[2, 234]. Тіл білімінде паремиология танымдық, құрылымдық, семантикалық, салыстырмалы, салғастырмалы бағытта қарастырылғаны белгілі. Алайда кинотуындылардағы мақал-мәтелдер, оның аударылым мәселесі: ұқсастықтары мен айырмашылықтары әлі де қарастыруды талап етеді.

Аударма – тіл қызметінің бір түрі ретінде бір тілде айтылған ойларды басқа тілдің құралдарымен соған сәйкестікте немесе толық құндылықта беру процесі. «Аударма» сөзінің астарында белгілі бір тілдегі сөйлеу тілін – ауызша немесе жазбаша мәтінді, сөзді басқа тілде қайталап жеткізу жатқаны белгілі. Аудару принципі мен аударманың дәлме-дәлдігі туралы ұғым заманалар озған сайын өзгеріп отырады. Мысалы, орта ғасырларда әріпшілдік, сіреспе аударма басым болса, бертін келе, жаңғыру дәуірінде, XVII-XVIII ғасырларда «еркін» аударма етек алды. Одан соң әдебиет әлемінде балама аударма пайда болды. Осыған орай ғалымдар тарапынан өзіндік аударма жолдары да ұсынылды.

Ағылшын аударматануындағы «Аударманың лингвистикалық теориясы» еңбегінің (1965) авторы Дж.Кэтфорд аударманы мынадай түрге ажыратады:

– толық және ішінара аударма: Толық аудармада түпнұсқадағы бүкіл мәтін аударылады, ал ішінара аудармада түпнұсқа мәтінінің бір бөлігі беріледі.

– жаппай және шектеулі аударма: жаппай аудармада түпнұсқа барлық тіл деңгейлерінде аударылса, ал шектеулі аударма дегеніміз қандай да бір деңгейдегі фонологиялық, графологиялық, грамматикалық және лексикалық деңгейдегі аударма дегенді білдіреді [3, 27].

М. Әуезов 1955 жылы жазылған «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» атты мақаласында аударманың үш түрін атап өтеді. Бірінші – сөзбе-сөздік – әріпқойлыққа негізделген аударма. Екінші – еркін аударма, аудармашының өзіншелеп әңгімелеп отырғанына өте ұқсас келеді. Соңғысы аударманың өте-мөте қонымды ғылыми дәлелденген түрі – шығарманың мазмұнын да, формасын да толығырақ беретін ғылыми дәл, балама аударма [3, 28].

1680 жылы ағылшын аудармашысы Дж.Драйден (1631-1700) аударманың 3 түрін ұсынады:

– бірінші, «метафраз» – түпнұсқаның дәл жеткізілуі,

– екінші, «парафраз» – түпнұсқаның түріне емес, ерекшелігіне бағдарланып, еркін жеткізілуі,

– үшінші, «имитация» (еліктеу) – түпнұсқа тақырыбына жазылған шығарма [2, 25].

Осы ғылыми мақалада Дж. Драйденнің ұсынған аударма түрлерін басшылыққа аламыз.

2012 жылы А. Сатаевтың режиссерлігімен түсірілген көркем драмалық фильм «Жау жүрек мың бала» XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ жеріне шабуыл жасаған жоңғар шапқыншылығы суреттеледі. Фильмде әкесі көз алдында жоңғарлардың найзасына аяусыз іліккен Сартайдың бірінші – өз туыстары, екінші – өз халқы үшін жылдар бойы ішінде сақтап келген кек алу тарихы. Сартай жетіден он бес жасына дейін ішінде толғатып келген ұлы кек алу жоспары жолындағы дәл өзі секілді ниеттес балалардың тобын жасақтайды. Белгілі болғандай, жоғары пафосты бастаулардан құралғанымен, бұл топтың ішінде көре алмаушылық, ауызбірліктің жоқ болуы, сатқындық, қайта оралған достық туралы баяндалады.

Мысал ретінде төмендіге диалогке назар аударсақ:

Сартай мен Таймас Рахымжанның ауылына барған кезде:

– *Иә, жігіттер! Қай ауылдан боласындар? Кәсіптерін не?*

– *Ер азығы мен бөрі азығы жолға демей ме!? Назар ақсақалдың ауылынан боламыз.*

Бұл үзіндідегі «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» мақалы қазақтың жігіттері ешқашан біреудің несібесіне қарап отырмаған, өз күшімен сүйеніп жүріп, өз асын табады деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде «бөрі азығы» дегені қасқыр да өз күнін өзі көретін мықты аң болғандықтан, ер мен бөріні салыстыра қолданылған. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» сынды мақалдың орыс тіліндегі баламасы «Пище молотца и волка в пути» деп

қолданылады [4, 128]. Мақалдың орыс тіліндегі баламасын қарастыратын болсақ, «бөрі» деген сөзді «волк» деп аударма жасаған. Бұл кинотуындыны көрген өзге ұлт көрермені «бөрі» сөзіне баса назара аударуы әбден мүмкін. Көрермен бұл мақалды ұғуы үшін «бөрі» мен «қасқыр» (волк) сөздерінің айырмашылықтарын көргеннен кейін түсінеді. Бөрі–түркі халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы. Бұл жерде де көрермен тарапынан «Неліктен ер азығын бөрі азығына теңеген?» деген де сұрақтар пайда болуы мүмкін. Себебі, қазақ ерлерін бөрідей шапшаң, өз азығын өзі тауып, айтқанынан қайтпайтын жыртқыш аңның біріне теңеген. Бұл жерде Дж. Драйденнің аударманы бөліп көрсеткен үшінші түріпарафраз – түпнұсқаның түріне емес, ерекшелігіне бағдарланып, еркін жеткізілуі.

Кинотуынды ерлік, отансүйгіштікті насихаттайтын кинофильмдердің бірі болғандықтан, бұл тақырыптарға байланысты мақал-мәтелдерді жеткілікті кездестіреміз. Мысалы: *«Жігіт жауда өлер, шешен дауда өлер»* [5, 64]. Бұл мақалдың мағынасы еліне қауіп төнген кезде батыр жауға қарсы шығып елін қорғап өлсе, шешен шешендігімен, ақылдылығымен дау-дамайда өлер дегенді білдіреді. Мақалдың мағынасы терең болғанымен өткір, шындық негізінде айтылған. Бұл мақал-мәтелдің орысша баламасында «Гибнет джигит во время раздора, мастер слова – во время спора» деп аударылған. Бұл жердегі аударылымға келетін болсақ, мақал-мәтелдің мағынасы ғана алынып отыр, яғни «шешен» сөзінің «мастер слова» «сөз шебері» деп аударылып берілуі. Шешен сөздің мағынасы алдында шешіліп сөйлейтін, түйінді мәселелерді шешіп сөйлейтін данышпан, ақылгөй, дана, сөз шебері деген ұғымдармен өзектес. Шешен сөзі қазақ тілінде сөзшен, айтқыш, тапқыр, суырып салма, ділмар, қызыл тілге жүйрік дейтін сөздермен қатар қолданылады. Мақал-мәтелдің аударылымында «шешен» сөзі мағыналарының бірін ғана алып аударма салған, ал сөздің өзінің тікелей баламасы жоқ болып келеді. Дж. Драйденнің аударма түрлері классификациясы бойынша бұл имитация.

Қазақ билері мен хандары арасындағы жиналыста Төле бидің айтқаны:

– *Ежелгі дұшпан ел болмас, етегін кесіп жең болмас.* Бұл жерде дұшпанға қанша жағымпазданып, жер бергеннің өзінде уақыт өте келе ол ешқашанда ел болмайтындығын, дос болмайтындығына меңзеп тұр. Орыс тіліндегі аудармасы «Давний враг не станет за родичем, а срезанная подошва рукавом» [5, 156]. Орыс және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің мағыналары өзара үндес. Себебі XVIII ғасырдағы елдегі ішкі және сыртқы шиеленістер барлық елде бірдей болды десек қателеспейміз. Соғыс тек қазақ жерінде емес, орыс жерінде де болғандықтан екі ұлттың танымында мақал-мәтел таныс және жақын болып келеді. Дж. Драйденнің аударма түрлері классификациясы бойынша метафраз – түпнұсқаның дәл жеткізілуі.

Кинотуындының бас кезінде жоңғарлар қазақ еліне шабуыл жасаған кезде бала Сартай досын өлтіріп кеткенін өз көзімен көреді. Осы кезде жоңғар жауынгерлердің айтқаны:

– *Бала зой, бұл не істегенің?*

– *Оттама, бүгінгі бала – ертеңгі әскер.* Бұл жерден сол кездегі қазақ өмірінің бір көрінісін көруге болады. Себебі, «бүгінгі бала – ертеңгі әскер» мақал-мәтелінен қазақ жерін аман алып қалу мақсатында ұл-қыздарын кішкентайынан жауынгер, әскер етіп дайындайтынын көруге болады. Ал, сол жердегі жоңғардың мақсаты қазірден бастап көздерін жойып, санын азайтсақ, жаулап алуға оңай болатыны көзделіп отыр. Жоңғарлар сол кездегі қазақ жеріне көз салып, иелену мақсатында соғыс жариялап, қаншама халықтың көзін жойды. Үзіндіде кішкентай қазақ балаларының көзінен еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, жерін қорғап қалу үшін жан аямайтын болашақ әскер өсіргенін көруге болады. Мақал-мәтелдің аудармасына келетін болсақ, «сегодня ребенок, а завтра воин» [5, 116]. Дж. Драйденнің аударма түрлері классификациясы бойынша бұл – метафраз. Екі ұлт танымына тән келетін ортақ заттарды көрдік, себебі орыс халқында да баланы ерте жасынан отанын қорғауға деген іс-әрекеттер жасалып отырды.



Сартай мен Зеренің диалогін алып қарасақ:

– *Ел мақтаған жігітті, қыз жақтаған. Қайда барады?* – дейді Сартай.

– *Хммм, бос мақтау не керек? Алдымен сөзіңді түзе. Әкесімен әлден сөзін жараспай жүр. Қайтіп күйеу болмақсын?! –* дейді Зере. Жақсы ісімен ел аузына ілігіп, мақталып жүрген жігітті қыз жақтайды, яғни ұнатады. Зеренің бұл жердегі айтып отырған мәселесі – Сартай ұнатқан қыздың әкесіне жігіттің ұнамауы. Ал, Сартай болса өзінің ел мақтаған батыл, сабырлы жігіт екенін айтады. Орыс тіліндегі нұсқасын айтатын болсақ, «Джигит признанным народом, понравится и девушке» [5, 35]. Мақал-мәтелдің аудармасы түпнұсқаға сәйкес келеді, себебі қай ұлтта болмасын ел мақтаған адамды, жігітті әркімге ұнайды және жақсы көреді. Адамды ел болып мақтаса, ол адамның істеген ерлігін, жақсы жақтарын ғана айтып мақтаған. Дж. Драйденнің аударма түрлері классификациясы бойынша бұл метафраз.

Кинотуындыда кездесетін келесі бір мақал «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – үлгі». Мақалда үлкен бір астар бар. Мақалдың мағынасы отан қорғау жолында өлімге кеуде тосқан ата-бабаларымыздың, аға-әпкелеріміздің ерліктерін мұра, келер ұрпаққа үлгі-өнеге, тәрбие болып қалуы жайында айтылған. Елім деп жауға барып, қан төккен батырларымыздың істері елімізге мұра, ұрпаққа үлгі болып мәңгі қала береді. Қазақ елі үшін жасаған Бөгенбай, Қабанбай және т.б. батырларымыздың ерлігі әлі күнге дейін ұмытылмас мұра. Мақал-мәтелдің орысша баламасы «Подвиг наследие нации, образец для поколений» [5, 155] ешбір өзгеріссіз, мағынасы сақталған. Жоғарыда берілген мысалдан қазақ пен орыс танымындағы ұштасқан тұсты көре аламыз, себебі қай ұлттың болмасын батырларының ерлігі мәңгі сол ұлттың жадында сақталып қала бермек. Дж. Драйденнің аударма түрлері классификациясы бойынша метафраз.

Қорытындылай келе, кинотуындыдағы мақал-мәтелдер Дж. Драйденнің топтастыруындағы метафраза мен парафраза әдістеріне негізделіп тәржімаланған. Метафразалық әдіс бойынша екі ұлтқа ортақ оқиғаларға орай пайда болған мақал-мәтелдер ешбір өзгеріссіз, мағынасы сақталып аударылса, парафраздық жолмен тек қазақ халқына ғана тән болып келетін, орыс тіліне сол сөзді басқа сөздермен ауыстырып аударылған. Сонымен мақал-мәтел көрермен санасына әсер етушілік қызметі де көрініс табады әрі қабылдаушы белгілі бір халық тілі арқылы оның ұлттық мәдениеті, дүниетанымымен танысып, танымдық ақпараттан сусындауына негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Зайцева Л.А. Киноязык: искусство контекста / Монография. – Москва: ВГИК, 2004. – 44 с.
- 2 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 2000. – 264 б.
- 3 Аударманың өзекті мәселелері / Құраст: С.Құлманов. – Алматы: «Palitra-Press», 2015. – 296 б.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 5 Әлпейісова К. Мағыналас мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі. – Астана: Аударма, 2006. – 168 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопрос перевода пословиц и поговорок на языке кино. Показаны пути перевода пословиц и поговорок по классификации Дж. Драйдена.

RESUME

The article deals with the translation of proverbs and sayings in the language of cinema. The ways of translating proverbs and sayings according to the classification of J. G. Dryden were shown. It was confirmed by linguistic units.